



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 ж. 12.04. № ДС-56 дз сауалға

Құрметті депутаттар!

Еліміздің ұлттық салт-дәстүрі мен мемлекеттік идеологияға қарсы үгіт-насихат жұмыстарына жол бермеу және ұлттық мәдениетімізді дамыту мәселелері бойынша депутаттық сауалдарыңызға қатысты келесі хабарлаймын.

Бейбіт іс-шараға қатысқан бал алардың ата-аналарын жауапкершілікке тарту.

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бейбіт жиналыстар туралы Заң) 2-бабының 2-тармағына сәйкес 2023 жылғы 8 сәуірде Астана қаласында Әйелдердің құқықтарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселелері бойынша бейбіт іс-шара өтті.

Бейбіт жиналыстар туралы Заңның 1-бабының 4-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған азаматтардың бейбіт жиналысты ұйымдастыруға құқығы жоқ¹.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 128-бабы 2-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарды заңсыз митингке, шеруге, демонстрацияға қатысуға тартқаны үшін ұйымдастырушылар айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу түріндегі жауапкершілікке тартылады.

Іс-шараны жергілікті атқарушы және прокуратура органдары, сондай-ақ Астана қаласының полиция департаменті бақылады. Іс-шара уақытында жергілікті әкімдік пен прокуратура органдарына бейбіт жиналысты тоқтата тұру немесе тоқтату туралы өтініш түскен жоқ. Сонымен қатар, аталған іс-шарада кәмелетке толмаған балалар анықталмады.

Барлық платформаларда, соның ішінде әлеуметтік желілерде ұлттық мәдениетімізге сәйкес келмейтін фильмдер мен сериалдарды көрсетуге және ілгерілетуге тыйым салуға қатысты.

¹ «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» ҚРЗ 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ 1-бабының 4-тармағы.

Қоғам санасына теріс әсер етуі мүмкін ақпараттың таралуын болдырмау және мәдени – отбасылық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді насихаттау, сондай-ақ қоғамды, әсіресе балаларды дәстүрлі емес идеологиялардан қорғау мақсатындағы жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Телеарналарда ақпаратты ілгерілету жөніндегі жұмыста мәдени құндылықтарды, тарихи ағарту мен дәстүрлі тәрбиені кеңінен ақпараттандыруға бағытталған отандық көркем фильмдер мен мультипликациялық сериалдар жарыққа шығарылады.

Отбасылық құндылықтарды насихаттауды ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде БАҚ-та жыл басынан бері 1 592 материал шығарылды (*телеарналар – 429, газеттер – 709, интернет-ресурстар – 454*).

Телеарналарда отбасылық және мәдени құндылықтарды сақтауға бағытталған бағдарламалардың шығуы ұйымдастырылды (*«Анығында» - «Хабар 24 культурный контекст» – «Хабар Әйел әлемі», «Дәуір даналары», «Қазақтар» – «Qazaqstan»; «Анаммен бірге» – «Балапан», «Мәңгілік құндылықтар», «Шебер» – «Abai TV» и др.*).

Бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген мониторинг нәтижесінде Қазақстан халқының ғасырлар бойғы дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын бұзуға бағытталған материалдар тіркелмеді. Сондай-ақ, телеарналарда азғындықты насихаттайтын және қоғамға моральдық зиян келтіруге шақыратын бағдарламаларға жол берілмейтінін атап өткен жөн.

Мемлекеттік органдар арқылы интернет кеңістігіне тұрақты мониторинг жүргізіледі. Мәселен, 2022 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 31 наурыз аралығында порнографиялық материалдарды, есірткі құралдарын таратуға, суицидті насихаттауға байланысты 10 мыңнан астам бұзушылық анықталды.

Анықтама: порнографияны тарату 2022 жылы 4580 факт, 2023 жылы 783 факт, есірткі, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын насихаттау – 2022 жылы 2175 факт, 2023 жылы 893 факт, суицидті насихаттау – 2022 жылы 88 факт, 2023 жылы 8 факт.

Сонымен қатар, мониторинг барысында қатыгездік пен зорлық - зомбылыққа табынуды насихаттау фактілері анықталды (2022 жылы - 367, 2023 жылы - 115, баланың денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына зиян келтіретін ақпаратты орналастыру 2022 жылы - 1 440, 2023 жылы - 204 факт.

Жалпы, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жоғарыда аталған бұзушылықтардың барлық түрлері бойынша интернет-ресурстар және әлеуметтік желілер әкімшіліктерінің атына «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабы 3-1-тармағының талаптарына сәйкес 7162 анықталған бұзушылықтар бойынша заңсыз материалды жою бойынша шаралар қабылдау туралы 417 хабарлама жолданады.

Жыл басынан бері 3491 интернет-ресурс пен сілтемелерге қатысты ақпарат саласындағы уәкілетті органның 237 нұсқамасы негізінде «Байланыс туралы» Заңның 41-1-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарының жұмысына қол жеткізуді шектеу жөнінде шаралар қабылданды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі арқылы хабарлама жұмысының нәтижесі бойынша 2022 жылы интернет-ресурстар әкімшіліктері бала

құқықтарының бұзылуына 3,1 мыңнан астам материалдарды жарияланымнан алып тастады («ВКонтакте» - 2575, Instagram» - 9 «Facebook» - 1, «YouTube» - 26, «Telegram» - 536).

Әлеуметтік желіде топты немесе заңсыз мазмұн таратылатын интернет-ресурсты байқаған жағдайда qogam.gov.kz сайтының «Шағымдану» бөлігіне өтініш қалдыра алады.

Келіп түскен барлық шағымдар бойынша жедел түрде орналастырылған материалдарға құқықтық бағалау жүргізіледі, материалды бұғаттау немесе жою жөнінде шаралар қабылданады.

Теріс ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен қорғайтын заңнамалық нормаларды әзірлеу және Парламенттің қарауына енгізу туралы.

Бүгінгі таңда елімізде ұлттық ақпараттық кеңістіктің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету және ақпараттық ортада балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар кешені дәйекті түрде іске асырылуда.

Ақпараттың жастарға деструктивті әсерінің алдын алу және оған қарсы тұру мәселесінде халықаралық тәжірибе зерделеніп, отандық білікті мамандар жұмыстар атқаруда.

Біздің еліміздегі бала құқықтары Конституциямен, «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Телерадио хабарларын тарату туралы», «Байланыс туралы», «Жарнама туралы», «Ақпараттандыру туралы» және басқада заңдармен қорғалған.

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» бейіндік Заң қоғамның, ең алдымен, ата-аналардың, педагогтардың, психологтардың, балалық шақ, тәрбие және әлеуметтендіру саласындағы басқа да мамандардың Қазақстандағы балалардың ақпараттық қауіпсіздігін заңнамалық қамтамасыз етуге деген әлеуметтік сұранысының артуына жауап болды.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның шеңберінде білім беру ұйымдары мен байланыс операторларына тек «Тексерілген», қауіпсіз интернет қызметтерін ұсыну жөніндегі талаптарды заңнамалық бекіту жолымен балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғауға бағытталған жаңа нормалар енгізілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көрсетілген талапты сақтамағаны үшін білім беру ұйымдарының жауапкершілігі көзделген.

Интернет-ресурстар үшін «БАҚ туралы» Заңның 13-бабында көрсетілген таратуға тыйым салынған ақпараттың барлық БАҚ үшін бірыңғай санаттары қолданылады. Осылайша, интернет-ресурстарға қолжетімділікті шектеу үшін 3 құқықтық негіз бар: 1) сот шешімі; 2) Бас прокурордың немесе оның орынбасарларының нұсқамасы; 3) уәкілетті органның нұсқамасы.

Бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамада теріс ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен қорғайтын тиісті құқықтық нормалар қарастырылған.

Республиканың барлық жоғары оқу орындарында, мектептерінде сабақтарды оқытуда ұлттық құндылықтарды, мәдениетті насихаттауға қатысты.

Бірінші. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарына және пәндердің оқу бағдарламасы мазмұнына енгізілген. Мәселені жүйелі жолға қою мақсатында Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Онда үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін әзірлеу көзделген.

Екінші. Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Онда азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған білім алушылардың үлесі бойынша жеке нысаналы индикатор бар.

Үшінші. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдамада отбасылық, дәстүрлі, ұлттық және қоғамдық құндылықтардың өзара іс-қимылына негізделген өскелең ұрпақты мәдени-адамгершілікке тәрбиелеудің жаңа тетіктерін енгізу мәселелері қарастырылған.

Ол дәстүрлі құндылықтарды қолдау, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ұлттың мәдени кодын рухани жаңғыртуға және нығайтуға ықпал ететін адамгершілік бағдарларды қалыптастыру және тілді дамыту, мәдени-тарихи құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау арқылы жүзеге асатын болады.

Осыған қоса, өскелең ұрпақты рухани дамыту және патриоттық сезімі мен дәстүрлі құндылықтарға деген құрметін тәрбиелеу міндеттеріне қол жеткізу үшін балалардың елдегі театрлар мен музейлерге ай сайын баруын көздейтін «Театрдағы күн» және «Музейдегі күн» жобалары жүзеге асырылатын болады.

Төртінші. 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы бекітілді.

Онда жастар арасындағы заманауи құндылықтар және патриоттық тәрбиеге бағытталған арнайы бөлім бар.

Атап айтқанда ұлттық құндылықтарды жастар арасында насихаттау, азаматтық белсенділікті, патриоттық тәрбиені, салауатты өмір салтын, мәдениет және білім беруді дамытуға басты назар аударылған.

Жалпы, депутаттық сауалда көрсетілген өзекті мәселелер бойынша жүйелі жұмыстар жолға қойылған және уәкілетті органның тұрақты бақылауында.

Жоғарыда айтылғанның негізінде көтерілген мәселелердің еліміз үшін маңыздылығын ескере отырып, оны шешу бағытында Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің, сонымен қатар депутаттық корпусының атсалысуы маңызды деп санаймыз. Нақты ұсыныстарды Сіздермен бірге талқылауға мүдделі екенімізді жеткіземіз.

А. Көлгінов